



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ
АЛЬ-ФАРАБИ
KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY NAMED AFTER AL-
FARABI

Көрнекті түркітанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы,
профессор М. Томановтың туғанына 85 жыл толуына арналған
«Қазақ тілі тарихы және рухани жаңғыру негіздері» атты
халықаралық ғылыми-әдістемелік онлайн конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, 2017 жылдың 3-4 қарашасы

МАТЕРИАЛЫ

Международная научно-практическая онлайн-конференция
«История казахского языка и основы духовной модернизации»
посвященный 85-летию со дня рождения доктора филологических
наук, профессора М. Томанова

Алматы, 3-4 ноября 2017 года

MATERIALS

International scientific-practical online conference
«History of the Kazakh language and basis of spiritual modernization»
dedicated to the 85th anniversary of the Doctor of Philological Sciences,
Professor M. Tomanov

Almaty, 3-4 November 2017

ӘОЖ 811.512.122
КБЖ 81.2 Каз-03
Қ 17

Шығарылымға Филология және әлем тілдері факультетінің
Ғылыми кеңесі шешімімен ұсынылған

Редакция алқасы:

Әбдиманұлы Әмірхан – филология және әлем тілдері факультетінің деканы,
ф.ғ.д., профессор

Салқынбай Анар Бекмырзақызы – Қазақ тіл білімі кафедрасы профессоры, ф.ғ.д.

Ақымбек Съезд Шардарбекұлы – Қазақ тіл білімі кафедрасы меңгерушісі, ф.ғ.к.

Редакция алқасының мүшелері:

Иманалиева Ғазиза Қынуарбекқызы – Қазақ тіл білімі кафедрасының доценті,
ф.ғ.к.

Рамазанова Шайгүл Әмірғалиқызы – Қазақ тіл білімі кафедрасының доценті,
ф.ғ.к.

Аширова Анар Тишибайқызы – Қазақ тіл білімі кафедрасының доценті, ф.ғ.к.,
Лингвоарна ғылыми-зерттеу орталығының директоры м.а.

«Профессор М. Томановтың туғанына 85 жыл толуына арналған «Қазақ тілі тарихы және рухани жаңғыру негіздері» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары (2017 жылдың 3-4 қарашасы). – Алматы: Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2017. – 297 бет.

Конференцияның G-Global платформасындағы бейне түсірілімі <https://www.youtube.com/watch?v=rMT8WedCtuM> сілтемесінде жүктелген.

ISBN 978-601-7091-45-03

ӘОЖ 811.512.122
КБЖ 81.2 Каз-03

ISBN 978-601-7091-45-03

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2017

МАЗМҰНЫ

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

Салқынбай А.Б. Мархабат Томанов зерттеулері және қазіргі рухани жаңғыру.....	3
Томанова Н.М. Мархабат Томанов - человек в науке	10
Yıldız Naciye. Olumlulaştırma/-olumsuzlaştırma bağlamında doğu türkistan'dan derlenen kazak atasözlerinde “az” ve “çok”	14
Сағындықұлы Б. Құлжанова Б. Түркі тілдеріндегі табыс септігінің даму тарихы	21
Тымболова А.О. Үштілділік жағдайында қазақ тілін оқыту тәжірибелерінен.....	28
Yıldız Naciye Metin merkezli ve bağlam merkezli kuramlar esasında oğuz kağan destanı üzerine inceleme	33
Erbeden Erdi Özbek türkçesinin oş ağızından alkış örnekleri	47
Baldane Orhan Kazan tatar türklerinin mani ve türkülerinde dağ.....	57
Бекмағамбетов Ш. Ежелгі түбір сөздер табиғатын тіл генетикасы тұрғысынан тілдік негіздер арқылы зерттеудің маңыздылығы	66
Алкебаева Д.А. А. Байтұрсыновтың «қазақтың бас ақыны» мақаласының прагматикасы.....	71
Жұбаева О. Қазақ морфологиясының идиоэтникалық сипаты.....	77
Құлназарова Г.С. Профессор М. Томанов еңбектерінің қазіргі кездегі өзектілігі	90
Ezberci Ayşe Eleneksel el sanatımız oya	93
Emrah Yılmaz Türkmen deyimleri üzerine semantik açıdan bir inceleme...107	
Ақымбек С.Ш. Дауыссыз дыбыстар сәйкестігі мен алмасуының артикуляциялық сипаты	116

1-СЕКЦИЯ. ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ТАРИХИ ГРАММАТИКАСЫ ЖӘНЕ ТҮРКІ ТІЛДЕРІНІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ ГРАММАТИКАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ

Абитжанова Ж.А. Ж. Баласағұнның «Құтадғу билик» шығармасы тіліндегі метафораға негізделген мақал-мәтелдер.....	123
Аширова А.Т., Досанов Б. Түбі бір түркі тілдеріндегі дыбыстық және грамматикалық ерекшеліктер.....	130
Ахметқалиева Л. Қазіргі тіл біліміндегі функционалды прагматика бағыты және зерттелу жайы.....	134
Әбдікерімова Г.А., Сариева Т.Қ., Сайлаубеков А.Н. Түркі мәдениетінен бастау алған «мәңгілік ел» идеясы негізінде студенттерді отансүйгіштікке баулу, ұлттық сана-сезім көкжиегін кеңейту арқылы рухани жаңғыруға бет бұру.....	138

Әлімтаева Л.Т. Толымсыздықтың коммуникативтік аспектісі: диахрония және синхрония	142
Балтабаева Ж.Қ. Беласарова Ж.Т., М. Томанов еңбектеріндегі морфологиялық тұлғалардың тарихи дамуы.....	146
Дәулетова А.Н. Қожа Ахмет Иассауи хикметтеріндегі адами құндылықтар	154
Қанбаева А. Ұлт мұратын ұлықтаған ұлылық	156
Кушкимбаева А.С. Көнерген сөздер - ұлттық болмыстың өзегін сақтаушы	159
Өтемісова Г.Ж. Шығарма тілінде көнерген аталымдардың тіркестіру тәсілі арқылы жасалуы (Нұртуған мен Ерімбет шығармалары бойынша).....	165
Сайбекова Н.У. А.Байтұрсынұлы еңбектеріндегі фонеманың функционалды сипаты	171
Турабаева Л.К., Есболаева И.А., Базарбекова Н.Ш., Сайлаубеков Н. М.Томанов – тіл тарихын зерттеуші	176
Төленби Ә. Шылаулардың даму тарихынан	180

2-СЕКЦИЯ. ТІЛ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ: РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ЖАҢҒЫРТЫЛУЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ

Абдрахманова Ж.М. Жастар тіліндегі тілдік қолданыс.....	184
Абдрахманова Ж.Ә., Алиева Г.А. Баспасөз тілі: заманауи «мағынасы майысқан мақалдар»	189
Абдрахимова Г.Б. Терминжасам және салалық сөздік	192
Арынбаева Р.А., Танабаева Г.Ө., Жамашева Ж.Р. Инновациялық оқыту тәсілдері арқылы қазақ тілі сабағында студенттердің тілін дамыту	194
Атаханова Н.А. Ақын өлеңдеріндегі көркемдік ойлау табиғаты	197
Бурабаева Ж. Жүмекен Нәжімеденов поэзиясындағы «тамыр» концепті	202
Даулетова А.С. Тұлға әлеуметіндегі қарым-қатынас рөлі.....	204
Жусанбаева С.Б. Білім технологиясының ерекшеліктері	210
Жунисова М.А. Түркі жұртының рухани әлеміндегі тілдік білім	212
Жұмабаева Г.С. Ғабдол Слановтың көркем прозасы	217
Жүсіпов А.Е. Тілде кездесетін қателіктер: стилистикалық, семантикалық қайшылық, аударма қателігі	224
Иманалиева Ғ.Қ., Амирова М.Ж., Ормаханова Л. Көркем шығармаларда эмоционалды-экспрессивті сөздердің қолданылу ерекшеліктері.....	229
Қондыбай К.Ә. Диалогтік оқыту арқылы студент белсенділігін арттыру мүмкіндігі.....	235
Мамаева М. Қазіргі қазақ тіліндегі күшейтпелі үстеулердің функциясы және одан туындайтын проблемалар.....	239

БАСПАСӨЗ ТІЛІ: ЗАМАНАУИ «МАҒЫНАСЫ МАЙЫСҚАН МАҚАЛДАР»

Абдрахманова Жазира Әсембекқызы
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың доценті, ф.ғ.к.
ТЭМФ мектебінің мұғалімі
Алиева Гүлмира Анварбековна
e-mail:zhaz_abd@mail.ru

Мақал-мәтелдер газет тілінде болсын, көркем әдебиет тілінде қолданылсын мәтін мазмұнына ерекше мән беріп, сөйлемнің тілдік құрылымы мен стиліне айрықша мазмұн береді. Халық даналығына толы мақал-мәтелдер - газет тіліндегі айшықты сөз орамдарының бірі. Мақал-мәтелдердің ойды бейнелі, ұтымды жеткізуде стильдік қызметі ерекше. «Мақал - сөздің мәйегі демекші, қазіргі баспасөз тілінде мақал-мәтелдің қолданылу белсенділігі басым. Соңғы кездері мақал-мәтелдер бүгінгі тұрмыс-тіршілікті сипаттауда таптырмайтын көркемдік құрал ретінде жұмсалуда. «Ас адамның арқауы» (Түрк. 14.11.16); «Ақ түйенің қарны жарылған күн» (Жас Алаш, 15.01.16); «Жығылып жатып сүрінгенге күлмейік» (Ег. Қ. 20.03.14); «Аузы күйген үріп ішер» (ҚӘ. 28.08.16); «Кеңесіп пішкен тон келте болмас» (Заң, 03.08.15) т.с. тақырыптағы мақалалар кеңінен орын алған. Сонымен қатар қазіргі қолданыста мақал-мәтелдердің әлеуметтік жағдайға байланысты өзгертіліп қолданылатынын да көптеп кездестіруге болады. Мысалы:

Парақордың баласы теңгеден көзін алмайды.

Талаптыдан теңге артық.

Қазынадан ұрлаған қаржы сұрамас.

*Пара – оңай пұл болар,
Пара алмаған құл болар.*

*Бастық болсағ басынарсың,
Өсе беруге асығарсың.*

*Жемқордан – үйрен,
Жей алмайтыннан – жирен.*

Қуды қулығы құтқарар.

Бастық жоқта орынбасары басынар.

*Параның дәмін татарсың,
Қызығына батарсың.*

Опыра жеген орнын табар.

*Адал – пайдаға кенелмес,
Жемқормен терезесі теңелмес.*

Дөкейдің сөзі дуалы.

Жемқорға жала жұқпас.

*Үндемеген – жетеді,
Үн шығарған – «кетеді».*

Құлқынын тойдырмасаң – құлағы естімейді.

Болбыр бастық бордай тозар.

Екі шенеунік шекіссе – елдің соры.

Алаған қолдың амалы көп (ҚӘ.20-26.2017).

Бұл мәселе республикалық немесе тәуелсіз баспасөздің қай-қайсысы болсын, олардың тақырыптық, семантикалық ерекшеліктерінде мұндай құбылыстың жиі кездесетінін аңғаруға болады. Белгілі ғалым Н. Уәлиев: «Тілімізге ажар беріп, сөзімізге жан бітіретін мақал-мәтелдер, шешендік сөз оралымдары, айшықты сөз тіркестерінің суреткер шығармасында алатын орны ерекше. Жазушы қаламы із-өкшесі халық тілінде жатқан сөз оралымдарының көркем үлгілерін, сирек түрлерін, ұмыт қалғандарын қолданыс үйіріне қосып, сөздік қордың қорабын молайтып отырады» деп көрсетеді [1, 62].

Мақал-мәтелдердің автор тарапынан өңделіп, контексте өзгеріске ұшырап қолдануы жөнінде жан-жақты талдау жасай келіп, академик Ә. Қайдар: «Мақал-мәтелдердің осылайша әр түрлі өзгерістерге, тұлғалық модификацияға ұшырауы салдарынан пайда болған, тіл практикасында бір-ақ рет қолданыс табатын түрлерін инварианттар деп айтамыз» дей келіп, оны 5 түрге бөледі (223 б):

1. Компоненттерін өзгертіп айтуға байланысты инварианттар;
2. Мақал-мәтелдердің жеке элементтері ғана сақталатын инварианттар;
3. Компоненттердің орын ауыстыруына байланысты инварианттар;
4. Екі жолды мақал-мәтелдердің бір жолын түсіріп айтуға байланысты инварианттар;
5. Қосалқы компоненттерінен кеңейтілген инварианттар [2, 224].

Публицистикалық стиль болсын, көрем әдебиет стилі болсын сөздің, сөз тіркестерінің нормаға сай қолданылуы тілдің коммуникативтік қызметіне ерекше әсер етеді. Әсіресе коннотативті мәні жоғары фразеологиялық бірліктер мен мақал-мәтелдердің нормаға сай берілуі баспасөз тілінің ерекшелігін айқындайды. Баспасөз тілінің мәдениеті туралы М. Балақаев: «Тіл

мәдениеті халықтың жалпы мәдени дәрежесімен, әдеби тілдің қандай белесте екенімен тығыз байланысты. Халықтың жазу, әдеби мұралары, тіл жұмсау, сөйлеу өнері неғұрлым жоғары болса, әдеби тілдің мәдениеті де соғұрлым биік болмақ. Әдетте әдеби тілді бір не бірнеше адам жасамайды, ол қоғамдық құбылыс болғандықтан, қоғам мүшелерінің белсене қатысуымен, жазба әдебиет арқылы жүйелі қалыпқа түсіп, стильдік тармақтары сараланады, қоғамдық қызметі арта түседі. Қазақ әдеби тілін осылайша шындаудың дүкені-баспасөз»-деп көрсетеді. [3, 9].

Сондықтан да авторлық инварианттардың дәстүрлі номинатив тұлғалардан мағынасы жағынан да, тұлғасы жағынан да алшақ болмауын қадағалап отырған жөн. Бұл паремологияның негізгі талаптарының бірі. Ал «паремология – мақал-мәтелдер мен әр алуан қанатты-нақыл сөзерді жан-жақты зерттеуге байланысты пайда болған тіл білімінің дербес те, жаңа салаларының бірі» [2, 304].

Авторлық сөзжасам арқылы жасалған мақал-мәтелдер тілдік қолданыста жалпы халықтық формадағы құрылымдық, көркемдік сипатынан ажырамауы керек.

Бұқаралық ақпарат құралдарындағы тілдің коммуникативтік қызметі, әсіресе қазақтың мақал-мәтелдерін тілдік қолданысқа түсіргенде ерекше сипатқа ие болады. Себебі ата-бабамыздан келе жатқан мұндай сөз айшықтары баспасөз бетінде «табиғи қалпында» ғана емес окказионалды түрде де қолданылады. Жалпы бұл құбылыс газет тілінде өте жиі кездесетін жағдай. Осындай «құбылудың» әсерінен мақал-мәтелдердің мәні, мазмұны өзгеріп, кейбірі тілдік қолданыстан түсіп қалса, кейбірі жиі қолданудың әсерінен стандарт қалыпқа түседі.

Түптеп келгенде, мақал-мәтелдердің баспасөз тілінде қолданылуы «өлшеулі мақсатқа» негізделген. Жалпы бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде баспасөз тілінің ерекшеліктерін талдап көрсететін болсақ, мұндағы басты тірек – ақпараттық қызмет. Бұл қоғамдық ақпаратты жеткізетін бірден-бір құрал. Сондықтан да тілдің функционалдық стильдері ішінде публицистикалық стиль өзінің мақсаты мен қоғамдағы қызметі және содан туындайтын тілдік ерекшеліктері жағынан басқа стиль түрінен өзіндік сипатымен ерекшеленеді. Негізінде функционалдық стильдің қай-қайсысы да дамуы жағынан әр деңгейде. Стильдік тармақтарының бірі актив дамыса, екінші бірінің белсенділігі төмен. Осы тұрғысынан публицистикалық стиль даму жағынан басқа стиль түрлерінен төмен. Дегенмен қазақ тілінің дамуы мен оның коммуникативтік функциясы үшін ерекше қызмет атқарады. Әсіресе ақпаратты қарапайым тілмен жеткізіп, фактіні ойнатып беруде баспасөз тілінің рөлі зор. Себебі БАҚ-тың тілі қоғамдық санамен коммуникацияға түседі. Сондықтан қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің қызметі ерекше. Әрине мақал-мәтелдердің қалыптасқан, логикалық жағынан тұжырымды формаларын қолданған өте дұрыс. Дегенмен мұндай сөз орамдарын құрылымы жағынан уәжсіз өзгертіп инварианттық нұсқада қолдану және оны талап деңгейінен түбегейлі, әрі жиі ықшамдау коннотаттық мағынадағы тілдік таңбалық экспрессивті-эмоционалды, стильдік қызметіне кері әсер етеді.

Кілт сөздер: Бұқаралық ақпарат құралдары, мақал-мәтелдер, авторлық қолданыс, баспасөз тілі, стиль.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Уәлиұлы Н. Фразеология және тілдік норма. – Алматы: Республикалық баспа кабинеті. 1998. – 128 б.
2. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы. 1998. – 224 б.
3. Балақаев М. Тіл мәдениеті және баспасөз // Басп.тіл мәдениеті туралы. – Алматы. 1972. – 9 б.

ТЕРМИНЖАСАМ ЖӘНЕ САЛАЛЫҚ СӨЗДІК

Абдрахимова Г.Б.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың магистранты

Терминжасам ісі – бүкіл халыққа ортақ іс. Себебі тіл халықтікі. Ана тіліміз ортақ байлығымыз. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» стратегиясы» атты Қазақстан халқына жолдауында: Қазақ тілінің осы заманның биік талабына сай, бай терминологиялық қорын жасаған соң, оны рет-ретімен, кезең-кезеңімен қоғамдық өмірдің бар саласына батыл енгізуіміз керек» дей келе, терминологиялық сөздіктер жасаудың маңыздылығын атап көрсеткен болатын.

2014 жылы Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетінің тапсырысы бойынша «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» аясында ғылым мен техниканың, өндіріс пен мәдениеттің барлық салаларын қамтыған 30 томдық терминологиялық сөздік жарық көрді. Аталған еңбекті Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі, Педагогикалық Ғылымдар Академиясы және Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты бірлесе отырып шығарғанын айта кетейік. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық терминология комиссиясы мақұлдаған Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздікке 11 000 –ға жуық термин сөз енген. 532 беттік сөздік ғылым мен техника, мәдениет және экономика салаларының негізгі терминдерін қамтиды. Бұл сөздіктер сериалы жалпы білім беретін мекемелердің оқушылары мен ұстаздарына, жоғары оқу орындары мен колледждердің студенттері, магистранттары, докторанттары мен оқытушыларына, сала мамандары мен ғалымдарға, сондай-ақ барша оқырман қауымға арналған.

30 томдық салалық қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік қазақ терминдерін біріздендіру, термин қорын реттеу, арттыру мақсатында қолға алынған құнды еңбектердің бірі. Сөздіктер топтамасы алғаш рет 1999 – 2000 жж жарық көрген. Екінші рет 2012, ал үшінші рет 2014 жылы сөздіктің өңделген, жетілдірілген, реттелген нұсқасы шыққан болатын. Жаңа басылымда сөздіктердегі терминдер саны екі есеге артқан. 300 мыңнан астам